



«Қазспортинвест» акционерлік қоғамы
Акционерное общество «Казспортинвест»

БҰЙРЫҚ

«20» 07 2024 жылы
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 049 о/д

**«Қазспортинвест» АҚ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі
нұсқаулықты бекіту туралы**

«Қазспортинвест» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғамы) Жарғысының 46 тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазспортинвест» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту.

2. Қоғамның комплаенс-офицеріне жұмыс орнында сыйлықтар беру және алу ережелері бойынша, соның ішінде мүдделер қақтығысының ықтимал тәуекелдері, осы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары, сондай-ақ олардың күнделікті қызметте қолдану тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қоғамның комплаенс-офицеріне жүктелсін.

4. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Президент

Н. Нуров



«Қазспортинвест»
акционерлік қоғамы Президентінің
2024 жылғы « 20 » 07
№ 049-019 бұйрығына
Қосымша

**«Қазспортинвест» акционерлік қоғамында сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулық**

Астана қаласы, 2024 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазспортинвест» акционерлік қоғамының Нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) 5-ші Дүниежүзілік ойындарын дайындауды және өткізуді жүзеге асыратын «Қазспортинвест» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау мақсатында әзірленген.

2. Қоғамның контрагенттермен – тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс істеуге байланысты қызметі сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін туғызады, оларға ерекше назар аудару қажет.

3. Нұсқаулық атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларына қарамастан Қоғамның барлық қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

4. Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық жағдай туындаған жағдайда Қоғам қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін сипаттайды.

2. Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен ұғымдар

5. Пара беру – өкілетті тұлғаны қандай да бір іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға не берушінің (пара берушінің) пайдасына қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға көндіруге бағытталған қылмыс.

6. Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функциялар орындауға өкілетті тұлғалардың, мемлекеттік функциялар орындауға өкілетті тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымды тұлғаларын (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар үшін заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен осы тұлғаларды параға жығуы.

7. Парақорлыққа делдал болу – пара алушы мен пара берушіге пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге ықпал ету.

8. ҚР заңнамасына сәйкес, параның заттары тек ақша ғана емес, сонымен қатар қызметтер, жеңілдіктер, сондай-ақ параның бүркемеленген нысандары (мысалы, қарыздар, жоғары бағамен төлеу:

1) заттар – ақша, оның ішінде валюталар, банк чектері және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

2) қызметтер мен пайдалар – емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаториялық және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық пен басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құн бойынша төлеу;

3) параның бүркемеленген нысаны – қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түрінде банктік несие, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғарылатылған бағамен сатып алу, пара берушіге жалақы төлеумен жалған еңбек шарттарын жасасу (оның туыстарына, достарына, оның өтініші бойынша тұлғаларға), жеңілдікті несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны көтеру, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды есептен шығару, жалдау ақысын азайту және т.б.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті орган – Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) және оның аумақтық бөлімшелері.

3. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының негізгі белгілері

10. Мүдделер қайшылығын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, Кәсіпорын басшылығын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында өтініштер туралы хабардар ету міндетін сақтау маңызды. Кейбір сөздерді, сөйлемдерді және ишараттарды айналасындағылар пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай сөйлемдер мен ескертулердің мысалдары:

1) Көмек үшін «сыйақы» беру («рахмет нанға жағылмайды», «егер біздің күш-жігерімізді қалай да атап өтсеңіз, қуанышты боламыз», «көмек үшін алғыс айтуды ұмытпаңыз», «сіздің тарапыңыздан кез келген назарыңыз байқалмай қалмайды»);

2) «алғысқа» белгісіз немесе бүркемеленген түсініктер («біз әрдайым қолдауды қошеметтейміз», «сіздің біздің мұқтаждықтарымызға назарыңыз жоғары бағаланады», «бұл қазіргі уақытта қалай болатынын түсінесіз ғой»);

3) «сыйлықты» немесе «назар аударуды» күту («көптен бері сыйлық көрген жоқпыз», «біз әрқашан алғыс білдіре алатын адамдармен ортақ тіл табамыз»);

4) параға ілеспе қимылы немесе мимикасы («ақшаны» білдіретін саусақтарды сүрту, конвертке немесе сөмкеге нұсқау);

Фразаларды шартты түрде пайдалану («егер біздің бірге қызмет істесу мүмкіндігіміз болса, барлық мәселелер әлдеқайда тез шешілетін еді», «кейде үдерісті жеделдету үшін... сіз түсінесіз ғой»);

5) «қосымша бонустарды» талқылау («әрине, біз әрдайым көтермелеуге қуаныштымыз», «ынтымақтастық екі тарап үшін де тиімді болуы тиіс, солай ма?»).

Бұл мысалдар белгісіз сөйлемдер мен қимылдар параға ишара ретінде қабылдануы мүмкін екенін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық туралы күдік тудырмау үшін мұндай екіұштылықтан аулақ болып, анық әрі ашық айту маңызды.

11. Пайдасы пара арқылы мәселені шешу қажеттігі ретінде қабылдануы мүмкін шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты өкілетті тұлғалармен талқылау тақырыптары:

1) жалақының төмен деңгейі, қандай да бір мұқтаждарды іске асыруға ақша қаражатының жетіспеушілігі, өтеу мерзімі сәйкес келетін банк кредитінің болуы;

2) қандай да бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға шығуға ниет білдіру;

3) өкілетті тұлғаның туыстарында жұмыстың болмауы;

4) өкілетті тұлғаның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және басқалар.

12. Пара ұсынудың кейбір жанама белгілері:

1) ықтимал пара беру туралы әңгіме басқаша сипатта болады, пара берушінің сөзі даулы мәселе оң шешілген кезде оған ақша беретіні немесе қандай да бір қызмет көрсететіні, бұл ретте ешқандай қауіпті сөз тіркестеріне жол берілмейтіні туралы ашық мәлімдемелерді қамтымайтын бір буынды ұсыныстардан тұрады;

2) әңгімелесу барысында пара беруші куәгерлер немесе аудио, бейнетехника, ымдау немесе мимика болған кезде бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндігін талқылауға дайын екенін білдіреді;

3) параның сомасы немесе сипаты айтылмайды, сонымен бірге тиісті цифрлар қағазға жазылуы, калькуляторда немесе компьютерде жинақталуы және әлеуетті пара алушыға көрсетілуі мүмкін;

4) пара беруші күтпеген жерден әңгімені үзіп, әдемі сылтаумен материалдары бар папканы, конвертті, портфельді, орамды қалдырып, қызметтік үй-жайда тастап кетуі мүмкін;

5) пара беруші байланыстың жалғасуын мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға бағыттауы мүмкін;

6) пара беруші Кәсіпорынның қызметкеріне тиесілі банк карточкалық шотына не ұялы байланыс нөмірі бойынша туыстары мен таныстарына ақшалай сомаларды банктік аударуды жүргізуі мүмкін;

7) пара берушінің сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір мәселелерді шешу кезінде делдал қызметін пайдалану туралы ұсынысы жоққа шығарылмайды.

13. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы ықтимал жағдайлар, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.

1) Арандатушылық:

Қызметті жүзеге асыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы компаниялардың өкілдері, өзге ұйымдардың қызметкерлері, Қоғам қызметкерлері, өкілетті тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықты болдырмау үшін:

көрсетілетін қызметті алушы компанияларының өкілдеріне банк картасының шоты бекітілген ұялы байланыс телефонының нөмірін бермеуге;

көрсетілетін қызметті алушының компания өкілдерімен жұмыстан тыс уақытта жеке кездесуге және телефон арқылы сөйлесуге жол бермеуге;

келушілер отырған қызметтік үй-жайларды және жеке заттарын (киім, портфельдер, сөмкелер және басқа да заттар) қараусыз қалдырмауға; келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес әрекет жасамай, басшылыққа дереу баяндауға міндетті.

2) Пара талап ету:

қорқытып алушылық фактісі туралы жоғары басшылыққа немесе комплаенс-офицерге жазбаша немесе ауызша жүгінуге;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына тиісті хабарламамен жүгінуге құқылы.

4. Пара ұсынылған немесе қорқытып алу туындаған жағдайда қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

14. Пара беру ұсынған немесе қорқытып алу туындаған жағдайда Қоғам қызметкері:

1) пара беруші (параны қорқытып алушы) параны қабылдауға (беруге) не әзірлік ретінде, не үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсінуі мүмкін елеусіз сөздерге жол бермей, өзіне өзі абай болып, сыпайы, ұқыпты, жағынусыз ұстауға;

2) ұсынылған шарттарды (сома мөлшерін, тауарлардың атауын және қызмет көрсету сипатын, пара берудің мерзімдері мен тәсілдерін, пара алу нысанын, мәселелерді шешудің дәйектілігін) мұқият тыңдауға және нақты есте сақтауға;

3) параны беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға және келесі кездесу үшін жақсы таныс орын ұсынуға тырысуға;

4) әңгімеде бастама көтермеуге, енді «қабылдауға жұмыс істеуге»;

5) әлеуетті пара алушыға (пара берушіге) «бәрін айтып», мүмкіндігінше көп ақпарат беруге мүмкіндік беру.

5. Пара беру немесе қорқытып алу фактісі аяқталғаннан кейін қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

15. Кәсіпорын қызметкері өз қалауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша немесе жазбаша өтініш жасауы тиіс.

16. Параны немесе заңсыз сыйақыны ұсыну (қорқытып алу) фактісі туралы жазбаша өтінішті ресімдеу кезінде:

1) параны кім (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) ұсынды (қорқытып алуға әрекет жасады) немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы құқыққа қарсы әрекеттер жасауға итермеледі;

2) қорқытып алынатын параның (заңсыз сыйақының) сомасы мен сипаты қандай;

3) қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара ұсынды (қорқытып алуға әрекет жасады) немесе заңсыз сыйақы жасалды;

4) параны тікелей беру немесе заңсыз сыйақыны жүзеге асыру қай уақытта, қай жерде және қалай жүргізілуі тиіс;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға өтініш жіберуге;

6) бұдан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органның нұсқауларына сәйкес іс-қимыл жасауға міндетті.

17. Қоғамның қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға өтінішпен қатар осы Нұсқаулыққа сәйкес Қоғам офицері мен Қоғам басшылығын (Қоғамның Президенті мен Вице-президенттерін) хабардар ету жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

18. Қоғам қызметкерлері кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға және Қоғам басшылығына іс-қимыл алгоритміне сәйкес беру үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудың дәлелдемелерін (куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және басқалар) тіркеу және сақтау бойынша барлық ықтимал шараларды қолдануға тиіс.

6. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға жүгінумен қатар, Қоғам қызметкерлері осы Нұсқаулыққа сәйкес Қоғам басшылығын хабардар ету жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

20. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық сипаттағы белгілері бар жағдайлар анықталған және (немесе) олармен соқтығысқан жағдайларда Қоғам қызметкерлерінен Қоғамның комплаенс-офицеріне дереу хабарлау талап етіледі.

21. Заңнаманың нормаларын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бұзуға әкеп соғатын жазбаша немесе ауызша тапсырманы орындауға алған жағдайда тапсырманы орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қоғамның комплаенс-офицерін дереу хабардар етуі қажет.

7. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

22. Қоғам қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе Қоғам қызметкерлері өзінің функционалдық міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді. Осы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға қолданылмайды.

23. Қоғам қызметкерлерінің өздерінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлыққа, коммерциялық параға және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Көрсетілген ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

8. Қорытынды ережелер

24. Осы Нұсқаулық бекітілген күнінен бастап күшіне енеді. Нұсқаулыққа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар да бекітілуге жатады және бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

25. Қоғамның барлық қызметкерлері осы Нұсқаулықпен қол қою арқылы танысуға және оның талаптарын сақтауға міндетті.

26. Қоғамның сенім телефоны және электрондық поштасы +7 747-280-57-82. compliance@wng.kz.

27. Өкілетті органның сенім телефоны 1424 Call center, +7 (7172) 90-92-60.
